

Ермекбаев М.А.^а, Медетбекова Н.Н., Жораева С.Б., Наркулова Б.А.,
Жияшева Ж.Ш.

¹М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САУАТТЫЛЫҚ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ӨЗІНДІК АНЫҚТАУЫНЫҢ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ (Дене мәдениеті және спорт мамандығы мысалында)

Ермекбаев Мухтар Абенович, Медетбекова Нүргүл Ниязбекқызы, Жораева Сауле Базарбаевна, Наркулова Бахтыкул Актаевна, Жияшева Жанар Шораевна

Психологиялық сауаттылық болашақ мамандардың кәсіби өзіндік анықтауының факторы ретінде (дене мәдениеті және спорт мамандығы мысалында)

Аңдатпа. Бұл мақалада біз болашақ дене шынықтыру және спорт мамандарының кәсіби өзіндік анықтауының көрсеткіші ретінде психологиялық сауаттылық факторын қарастырамыз, зерттеу негізінде қазіргі қоғам талабына сай өзектілігін айқындаймыз. Психологиялық-педагогикалық әдебиеттердегі көптеген ғалымдардың еңбектерін талдау негізінде кәсіби өзіндік анықтау ұғымына ғылыми тұрғыда анықтама беруін талдаймыз. Сонымен қатар тұлғалық өзіндік анықтау негізгі бағыттарын (тұлғалық, кәсіби, әлеуметтік) негізде анықтаймыз, оның дене шынықтыру мен спортпен саласына сай кәсіби мәнін көрсетеміз. Спортсмендер үшін өзіндік анықтау кезеңдерінің өзге мамандықтармен салыстырғандағы ерекшелігін айқындаймыз. Психологиялық сауаттылық ұғымын ғылым салалары (философия, экономика, әлеуметтану, экология, құқық, медицина, психология) бойынша нақты сипаттамалық мәнін ұсынып, психологиялық сауаттылықтың ерекшелігін нақтылаймыз. Психологиялық сауаттылықты зерттеу бағытына сәйкес арнайы әдістеменің модификацияланған түрін алып, 1-4 курс студенттері арасында арнайы зерттеу жүргізіп, оның нәтижелерін пайыздық сипаттамалармен беріп, өзіндік зерттеу мәселесіне сәйкес талдау жүргізіп, қорытындылаймыз.

Түйін сөздер: болашақ маман, дене мәдениеті және спорт, психологиялық сауаттылық, кәсіби өзіндік анықтау, спортсмен ерекшелігі.

Yermekbayev Mukhtar Abenovich, Medetbekova Nurgul Niazbekkyzy, Zhorayeva Saule Bazarbaevna, Narkulova Bakhtkul Aktaevna, Zhiyasheva Zhanar Shoraevna

Psychological well-being as a factor of professional self-determination of future specialists (on the example of the speciality of physical culture and sports)

Abstract. In this article, we consider psychological well-being as a factor in the professional self-determination of future specialists in physical culture and sports, and also identify the relevance of this study to the requirements of today's society. Analyzing the works of many scientists in the psychological and pedagogical literature, we give a scientific definition of the concept of professional self-determination. The directions of personal self-determination (personal, professional, social) were determined, we also determine the role of professional self-determination in the context of training future specialists in physical culture and sports. A comparative analysis of the levels of self-determination of athletes was made, and their features regarding the specifics of the speciality were revealed. The concept of psychological well-being was characterized within the framework of scientific areas (philosophy, economics, sociology, law, medicine, psychology), the features of psychological well-being were clarified. In the direction of the study of psychological well-being, a modified methodology was determined, and a study was conducted among students of 1-4 courses, the results were systematized on the basis of a percentage indicator and independent conclusions were made.

Key words: future specialist, physical culture and sports, psychological well-being, professional self-determination, athlete's feature.

Ермекбаев Мухтар Абенович, Медетбекова Нүргүл Ниязбекқызы, Жораева Сауле Базарбаевна, Наркулова Бахтыкул Актаевна, Жияшева Жанар Шораевна

Психологическое благополучие как фактор профессионального самоопределения будущих специалистов (на примере специальности «Физическая культура и спорт»)

Аннотация. В данной статье рассматривается психологическое благополучие как фактор профессионального самоопределения будущих специалистов физической культуры и спорта, определяется актуальность данного исследования в соответствии с требованиями современного общества. На основе анализа психолого-педагогической литературы дается научное определение понятию «профессиональное самоопределение». Были определены направления личностного самоопределения (личностный, профессиональный, социальный),

а также роль профессионального самоопределения в разрезе подготовки будущих специалистов физической культуры и спорта. Был сделан сравнительный анализ уровней самоопределения спортсменов и выявлены их особенности относительно специфики специальности. Была дана характеристика понятия «психологическое благополучие» в рамках научных направлений (философия, экономика, социология, право, медицина, психология), уточнены особенности психологического благополучия. По направлению исследования психологического благополучия была определена модифицированная методика и проведено исследование среди студентов 1-4 курсов, систематизированы результаты на основе процентного показателя и сделаны самостоятельные выводы.

Ключевые слова: будущий специалист, физическая культура и спорт, психологическое благополучие, профессиональное самоопределение, характерные особенности спортсмена.

Кіріспе. Кәсіби өзіндік анықтау заманауи өзекті мәселелердің бірі, қазіргі таңда елімізде белгілі бір кәсіп бойынша білім алып, мүлде басқа салада жұмыс жасау мысалы аз емес. Ол өз кезегінде мемлекетіміздің экономикалық тұрақсыздығына, білікті маман даярлау сыйды мемлекеттік бағдарламалардың басты міндеттемелеріне қайшылығы бар. Мемлекет мамандарға деген тапсырысы, әр жергілікті мекенге және әр сала бағытына сәйкес анықталып, аса қажетті деген мамандарды даярлауға тапсырысы жоғары оқу орындарына, мемлекет тарапынан қаржыландыру негізінде іске асады. Сондай ақ талапкер тарапынан қызығушылық аса жоғары болған мамандықтарға сұраныс та деңгейі нарық ережесіне сай өз шешімін табады.

Бұл зерттеу аясында қозғалатын мәселе болашақ дене мәдениеті және спорт мамандарының кәсіби өзіндік анықтауының өзектілігін айқындауға, қаншалықты деңгейде психологиялық сауаттылық деңгейі кәсіби бағытты таңдауға әсер етуші фактор екендігіне талдау жасауға арналған. Осы ретте, жалпы кәсіби өзіндік анықтау ұғымына анықтама берер болсақ, бұл мәселе көптеген сала зерттеушілері мен психолог мамандардың басты назарында.

Зерттеудің негізгі мақсаты: психологиялық сауаттылық болашақ мамандардың кәсіби өзіндік анықтауының факторы ретінде ғылыми-теориялық негіздерін анықтау және әдістемелік негізде тексеру. Берілген мақсатымызға нәтижелі қол жеткізу үшін, біз зерттеуіміздің барысында бірнеше міндеттер қойдық: психологиялық сауаттылық ұғымына ғылыми салалар (психологиялық-педагогикалық, дене мәдениеті және спорт зерттеулері) негізінде теориялық талдау жасау; болашақ мамандардың кәсіби өзіндік анықтауының негізгі факторы ретінде психологиялық сауаттылықты айқындау; болашақ мамандардың психологиялық сауаттылық деңгейін әдістемелік негізде тексеріп, ғылыми ұсыныстар беру.

Кәсіби өзіндік анықтау, белгілі бір деңгейде тұлғаның өзіндік орнын анықтауының маңызды бөлігінің бірі. Тұлғаның өзіндік анықтауын көптеген зерттеулерде үш бағытта қарастырады: тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік. Кәсіби өзіндік анықтау көптеген құрамдас бөліктерден тұрады: кәсіби таңдау, кәсіби бағдар, кәсіби кеңес беру, кәсіби маңызы бар сапалар. Осыған сәйкес мектеп тарапынан түрлі кәсіби өзіндік анықтауына әсер етуші жұмыс түрлері қарастырылып, қажетті жас аралығына сәйкес ұйымдастырылады.

Ғалым Е.А. Климов өз зерттеуінде негізгі өзіндік анықтау ерекшеліктерін көрсетеді [1]:

– тұлға дамуының кәсібін таңдауға дейінгі кезеңі: ол бала туылғаннан 11 жас аралығына дейін жүреді, ол кезеңде бала бойында негізгі ойын іс-әрекеті, оқу іс-әрекеті, өмірлік ұстанымдары, өмірге қажетті дағдылары дамиды;

– мамандық таңдау кезеңі: ол 12 жас пен 18 жас аралығында жүреді, ол жас аралығында бала өзіндік қызығушылықтары, өзіндік ұстанымы, өзіндік бар мүмкіндіктерін анықтау деген мамандық таңдауға аса қажетті үдерістер жүреді;

– мамандық таңдау жүргеннен кейінгі кезең: ол 18 жас пен 25 жас аралығында жүреді, бұл кезеңмен бакалавриат, магистратура деңгейі сәйкес келеді, ол кезде өз таңдаған кәсібіне сай дағдыларды игеру, кәсіби білім алу, болашақ кәсібіне бейімделу, еңбек жолын бастау, қоғамға пайдалы іспен шұғылдану сияқты үдерістер жүреді.

Негізінен зерттеулерге сәйкес спортсмендердің өзіндік анықтау кезеңдерінде біршама өзгерістер бар. С.Н. Шихвердиев өз зерттеуінде, спорт мансабының соңында кәсіби өзіндік анықтауға байланысты көптеген қиындықтар туындайтынын көрсеткен, автор ойынша нақты деңгейге кәсіби өзіндік анықтаудың келесілері жетеді [2]:

– спортсмендердің мамандық нарығы туралы хабарының болуы, өз кәсіби мүмкіндіктерін дұрыс бағалау мен таңдалған мамандық бойынша жұмыс жасауға қызығушылық болуы, оны игеруде белсендік таныту;

– спортсмендердің кәсіби тұрақтылығы таңдалған мамандық бойынша қанағаттану деңгейіне байланысты;

– кәсіби таңдауда дербестік таныту спортсменнің кәсіби сапаларын бағалау деңгейіне байланысты;

– таңдалған мамандық бойынша спортсмендердің қанағаттануы, ол салада жұмыс жасау қызығушылығына және оны игерудегі белсенділікпен байланысты;

– кәсіби мақсаттылық спортсмендердің таңдалған мамандық бойынша еңбек ету қызығушылығы мен кәсіби негіздегі тұрақтылығына байланысты;

– кәсіпті игерудегі спортсмендер белсенділігі болашақ кәсіби өсудегі алғышартқа байланысты;

– кәсіби негіздегі болашаққа деген қызығушылық спортсмендердің кәсіби тұрақтылығына байланысты.

А. Хамиди өзінің жас спортсмендерді спортта өзіндік жетілдіруінде кәсіби бағдар беруге арналған диссертациялық зерттеуінің нәтижесінде, көптеген қорытындылар жасай алған, соның кейбір тұжырымдары [3]:

– жас спортсмендерді кәсіби негізде бағдарлау ішкі және сыртқы факторларға тікелей байланысты, жеке сапаларынан, әлеуметтік жағдайынан, олар спортсменді кәсіби іс-әрекетке итермелейді;

– жас спортсмендерді кәсіби іс-әрекетке бағдарлау үдерісі болашақ кәсібінің нарықтағы орнына, сұранысына, сондай ақ субъективті және объективті факторларға байланысты;

– болашақ спортшы іс-әрекетінің кәсіби негіздегі өзіндік анықтау тиімділігі оның интеллектуалды және жеке сапаларының дамуына байланысты;

– болашақ дене мәдениеті мен спорт саласына кәсіби негіздегі бағдарлау, спорттық жетілдіру деңгейіндегі педагогикалық мақсатты түрде жүргізілген әсерге байланысты.

Т.А. Мулендейкина өз ғылыми мақаласында жасалған теориялық талдау негізінде, спорттық мансаптың өзіндік ерекшелігі бар екенін айтып, өз мансабын аяқтау кезеңіне келген спортсмендерге болашақ кәсіби өзіндік анықтау үдерісінде көмек қажеттігін алға тартқан. Аталған зерттеу жоғары біліктілігі бар спортсмендер арасында, спорт бағытындағы білім алушы студенттер арасында жүргізілгені көрсетілген. Зерттеу нәтижесінде 40 пайыз студенттер үшін заң, экономика, құқық қорғау саласы, медицина саласына қызығушылық танытқан, ал қалған 60 пайыз

студенттер үшін бұл мәселе ашық күйінде, яғни нақты зерттеу кезінде әлі де спортты аяқтау деңгейіне өтпегендігімен түсіндірілген [4].

Теориялық талдау негіздеріне сүйенер болсақ, дене мәдениеті және спорт мамандығы мысалында психологиялық сауаттылық болашақ мамандардың кәсіби өзіндік анықтауының факторы ретінде қарастырудың өзектілігі айқын деп есептейміз, себебі білім беру үдерісінде психологиялық сауаттылық деңгейін көтеру арқылы, белгілі деңгейдегі болашақ кәсібінің алғышарттарын анықтап алуға мүмкіндік береді.

Әдістер мен материалдар. Мақала жазу барысында психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге талдау жүргізілді, сонымен қатар ғылыми-әдістемелік, нормативті-құқықтық құжаттар талданды. Болашақ дене мәдениеті және спорт саласы бойынша негізгі зерттеу аясы, негізгі ғылыми идеялар қарастырылды. Зерттеу кезінде жалпы дене шынықтыру және спортпен шұғылдануда кәсіби негізде өзіндік анықтау мүмкіндіктері, негізгі өзіндік анықтау түрлері, өзіндік анықтау құрылымы, оған әсер етуші факторлар, өзіндік анықтау қызметтері анықталып сипаттап жазылды. Студенттердің жалпы дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығын анықтау мақсатымен сауалнама әдісі, әлеуметтік зерттеу әдісі қолданылды, зерттеу нәтижелері пайыздық салыстырмалы талдау негізінде өңделді. Сонымен қатар сауалнама нәтижесінде алынған ақпарат негізінде кәсіби негізде өзіндік анықтау факторлары сипатталып, студенттердің өз кәсібіне деген қызығушылығын арттырудың жолдары көрсетіліп қорытынды жасалды.

Нәтижелер мен талқылаулар. Д.Я. Федотовских сауаттылық ұғымын көптеген ғылым салалары тарапынан қарастыру орынды, сондай ақ ол көпшілік санасына қалыптасқан, белгілі деңгейде өзіндік тұжырымға ие ұғым екенін көрсетеді. Сонымен қатар, психологиялық сауаттылық ұғымының бүгінде нақты белгіленген анықтамасы көрсетілмегенін, көптеген ғалымдар жан-жақты қарастырып оның мәні субъектілік сана сипаттамасымен байланыстырып, оны көп сатылы кең ұғым деп қарауды ұсынған, өйткені оған әлеуметтік, мәдени-экономикалық, психологиялық, физикалық факторлар кең негізде әсер етеді [5].

Д.Г. Орлова өз зерттеуінде психологиялық сауаттылық ұғымына бейнелі түрде хронологиялық даму үлгісін көрсеткен, яғни қоғам өзгеруіне сай, адам субъективті санасының даму деңгейіне, қабылдау деңгейіне сәйкес мән мен құндылық алмасуын көрсеткен. Психологиялық

зерттеулерге сәйкес психологиялық сауаттылық ұғымының классикалық бейнесі: яғни 1969 жылы Bradburn психологиялық сауаттылықты жағымды және жағымсыз құрамнан тұратын қарама-қарсылық, оған қосымша өмірмен қанағаттану деп сипаттаған болса, 1984 жылы Diener субъективті сауаттылық, ал 1989 Ruff психологиялық сауаттылық деп анықтап, оның құрамы (өзін-өзі қабылдау, жанындағы адамдармен дұрыс қарым-қатынас құру, дербестік, қоршаған ортаны басқару, өмірлік мақсат, тұлғалық өсу) деп анықтаған [6].

Савенко И.А., Саяпина А.С. өз зерттеуінде кәсіби даму тікелей кәсіби негізде өз орнын табу мен кәсіби таңдауға байланысты деп пайымдаған, осы орайда кәсіби даму да психологиялық

сауаттылықпен байланысты, өйткені ересек шағында мамандық таңдау болашақ адамның өмір жолын анықтайтын басты фактор. Осы орайда кәсіби мамандығын таңдау кезінде, тұлғаның психологиялық сауаттылығы жоғары болған болса, таңдау дұрыс бағытта, нақты, саналы түрде сәйкес болады. Кәсіби негізде өзіндік орнын анықтау мен кәсіби бағытта өзіндік даму үдерісі, психологиялық сауаттылықпен тікелей байланыста іске асады. [7].

Жалпы «сауаттылық» ұғымын барлық салаға сәйкес талдау жасау арқылы біз, нақты психологиялық сауаттылық ұғымының әсер етуші фактор ретінде айқындауға мүмкіндік аламыз, осы негізде төменде 1 - кесте түрінде сипаттама ұсынылған.

1-кесте – Психологиялық сауаттылық ұғымына ғылым салалары тұрғысынан талдама

Ғылым салалары	«Сауаттылық» ұғымының ғылыми салалар бағытына сәйкес сипаттамасы
Философия	Философиялық тұрғыда сауаттылықты жақсы мен жаман негізіндегі қарама-қайшылықпен сипатталады, бұл тұлға санасындағы үнемі қарама-қарсылық, оның мақсаты, құндылық бағдары, әлем кереметін қабылдау деңгейі, мінез-құлық ерекшеліктері, қоғамдық көзқарасқа деген қатынасы, оған деген сәйкестікті іздеуге ұмтылысы, яғни тұлға өзіндік қанағаттану сезімінің шегі, адам өз мүмкіндіктері мен қажеттіліктерінің теңгерімін іздестірудің жолы болып табылады.
Әлеуметтану	Көптеген әлеуметтік зерттеулер қоғам көзқарасын, қоғамдағы топтардың күйін қарауға бағытталған. Тарихи ракурс көрсеткендей уақыт өте әлеуметтік зерттеулер бағыты да біршама өзгереді. Қазіргі таңда қоғамдағы өмір жағдайының сауаттылық деңгейіне, әлеуметтік жауапкершілік пен кикілжің мәселесіне, жеке адамның тұрмыс ерекшелігіне, әлеуметтік қауіпсіздігіне көп көңіл бөлінеді. Әлеуметтік сауаттылық жалпы қоғам өмірінің деңгейімен, әр адамның қоғамдық үдерістегі күйі, құндылығы, қызығушылығы, қажеттілігі мен мүмкіндіктерін қоғамның қанағаттандыру шамасына қарай бағалануы.
Құқық	Бұл бағыт зерттеулеріне жалпы сауаттылық ұғымына материалдық құндылық бастамалары негіз болады. Мемлекет тарапынан жалпы тұрғындардың дұрыс жағдайын, әлеуметтік қауіпсіздігін ұйымдастыру. Бұл бағытқа білім беру, денсаулық сақтау, экономикалық байланыстарды түзету, ұлттық қауіпсіздікті сақтау, салауатты өмір салтын сақтау, қоғамды материалдық негізбен қамтамасыз ету. Сондай мемлекет тарапынан барлық адамдардың құқығын қорғау, зайырлы және демократиялық мазмұнда еркіндікті қамтамасыз ету.
Экономика	Экономикалық сауаттылық көп жағдайда жеке адам тұрмыс тіршілігі мен мемлекеттің әлемдік аренадағы орны мен қажетті байланыстарымен сипатталады. Экономикалық негіздегі даму адам қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталуы керек. Осы орайда мемлекет өз адамдарының білім деңгейін көтеру, мәдени деңгейін қамтамасыз ету, рухани негізін қалау, өзіндік бір қоғамға пайдалы орнын қамтамасыз етуге жұмыс жасайды. Экономикалық сауаттылық көп жағдайда жеке адамның табысымен бағаланады, яғни әр қоғам мүшесі өзіндік деңгейде пайдалы іс-әрекетпен айналысу мүмкіндігі.
Медицина	Денсаулық сақтау саласы жалпы қоғам денсаулығын қамтамасыз етумен сипатталады, оған жеке адам мен әлеуметтік топтың, жалпы қоғамның психикалық, психологиялық, физикалық, соматикалық денсаулығы жатады. Денсаулық сақтау саласына сәйкес құндылық негізі: тек адам денсаулығы емес, адамның әлеуметтік қоршаған әлеммен байланыс деңгейі негізінде сипатталады. Яғни әлеуметтік тұрмыс жағдайы, жалпы әлеуметтік әсер етуші факторларды ескеріп денсаулық сақтау мүмкіндігі.


Экология	Бұл бағыттағы зерттеулерге нақты үш фактор байланысы арқылы көрінеді: экология, әлеуметтік-экономикалық даму, денсаулық сақтау. Жер бетіндегі адамзат тіршілігіндегі объективті және субъективті өмір сапасының деңгейі, яғни теңгерімді ұстау, адам өз тіршілігін жақсарту жолында қоршаған ортаның тіршілігіне зиян келтірмей, аялауға, көркейтуге ұмтылысының болуы. Қоғам үдерісінің дамуы, табиғи қорды пайдаланып іске асырылуы себепті, оның қауіпсіздігін қамтамасыз ету қажеттілігі.
Психология	Жалпы сауаттылық ұғымын зерттеу кезіндегі, басым көпшілік психологиялық сауаттылыққа берілетінін байқаймыз, себебі ең басты құндылық адам деп есептелген болса, осы негізде әр жеке тұлғаның психологиялық сауаттылығы барлық салалар байланысы негізінде қаралады, яғни белгілі бір субъективті өмірді қабылдау деңгейінің сипаты.

Бұл зерттеуде біз болашақ мамандардың психологиялық сауаттылық деңгейін анықтау мақсатында К.Рифф ұсынған (The scales of psychological well-being) атты әдістемесінің, 2007 жылы бейімделген орысша нұсқасын (Н.Н. Лепешинскиймен) пайдаландық [8]. Әдістеменің негізгі теориялық негізі индивидтің өз болмысын саналы және толық негізде субъективті түрде өзіндік сезіну, яғни психологиялық сауаттылық деңгейін анықтауға құрылған.

Зерттеу М.Ауезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде мамандыққа сәйкес, «Педагогика» және «Психология» сабағының

негізінде жүргізілген, бұл әдістемені қолданудың негізгі мақсаты, жалпы білім алушылардың өз өмірлеріне деген көзқарасын, өз қазіргі жағдайына сәйкес көңілдерінің қанағаттануын айқындау, негізгі кәсіби мақсаттылығын анықтау болды. Бұл зерттеуге 1-4 курс студенттері қатысты, зерттеу аясында негізгі шкала мен әдістеме мазмұнына толық тоқталмаймыз, тек әдістеме бойынша алынған студент нәтижелеріне сипаттамалық талдау жасап көрсетеміз.

Төменде студенттерден алынған мәліметтер 1-4 курс аралығында, диаграмма түрінде шкалалар бойынша пайыздық көрсеткіш беріледі.



1 – сурет – Психологиялық сауаттылық (Психологиялық қанағат) шкалалары бойынша пайыздық сипаттамасы.

Пайыздық көрсеткіштер бойынша бірінші шкала бойынша – 1 курс білім алушылары, жалпы жоғары деңгейде жағымды қарым-қатынасқа бейінділігін көрсеткен, бұл шамалы бейімделу деңгейімен шартталған деп есептеуге мүмкіндік бар, сондай ақ студенттердің

өзіндік қарым-қатынасқа түсу мүмкіндігіне қанағаттанып, сенімділік танытып жағымды орта құруға талпынысы бар екенін көрсетеді. 2-3-4- курс студенттерінің көрсеткіштері бойынша біз орташа мәндегі көрсеткішті байқаймыз, ол студенттердің оқумен қатар қызығушылығының

басқа да құндылықтарға алмасу деңгейінің, сондай ақ қарым-қатынастағы біршама қиындықтар туындайтынын көрсеткен, белгілі бір ортақ шешімдерге келу қиындықтары да туындау сипаттамалары көрінеді.

Келесі көрсеткіш бойынша, барлық курс білім алушыларында біз орташа мәнді көреміз, яғни белгілі деңгейде өзіндік шешім қабылдауда дербестік деңгейі орташа, түрлі әлеуметтік қоғамның қысымына тұрақтылық таныту деңгейі бар. Сондай ақ бұл көрсеткіш студенттерде өзге пікіріне деген қарау, яғни өзге тұлға мен орта әсеріне сай пікір өзгерту де мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді.

Келесі шкала бойынша, барлық курс үшін орташадан төмен көрсеткіш байқаймыз, яғни өзіндік тараптан ортаны басқару деңгейіне барлық курс білім алушылары толық негізде қанағаттанбайтынын көрсеткен. Бұл шкала мақсат қою мен сол мақсатқа қол жеткізудегі қиындықтарды жеңуде, белгілі бір қиындық барын көреміз.

Тұлғалық өсу шкаласы бойынша, барлық курс білім алушылар орташа мәнге ие, ол әлі де тұлға ретінде өсу үшін не қажеттігін толық деңгейде біле бермеу себебі, сондай ақ кәсіби білімнің тәжірибелік негізде қолданыс аясын кеңейту қажеттілігінің барын көреміз, себебі теориялық негізде алған білім, тәжірибе барысында тиімділігін бағалай алмаған кезде, әлі де тұлға толық өз мүмкіндігін тексеруде күмәндану басымдылық көрінеді.

Келесі өмірлік мақсат айқындығының шкала бойынша көрсеткіштер өте жоғары екенін байқаймыз, ол белгілі деңгейде студент жастардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес деп ойлаймыз, өйткені бұл жас аралығына жастар бойында барлық әрекетке қатысты мах, яғни максимализм сипаттамалары басым. Дегенмен нақты жағымды жағы, бұл болашаққа деген сенім мен, өзіндік болашақтағы кәсіби құндылығын айқын көре алатынын көрсетеді.

Өзіндік қабылдау шкаласы бойынша біз орташа мән көреміз барлық курс білім алушыларынан, ол белгілі деңгейде қалыптылық белгісі деп тұжырымдаймыз, себебі бұл шкала студенттердің өздерін психологиялық, тұлға ретінде, физикалық параметрлеріне сай қабылдау деңгейін көреміз. Сондай ақ бұл шкала нәтижесі, қосымша топтардан мәліметті нақтылау мақсатында, өзіндік бақылау әдістемесін жүргізу қажеттілігі бар екендігін көрсетеді.

Өмір саналылығы шкаласы бойынша біз барлық курста өте жоғары көрсеткішті

бақылаймыз, ол дегеніміз жастардың өзіндік өмір мәні бар, мақсаты айқын, болашақ өміріне арманшыл тұрпатта қарауға мүмкіндігі бар екенін көреміз. Яғни болашақ арманға жетуге, белгілі деңгейде мақсатты айқын қоя алу жағымды көрсеткіш ретінде сипаттаймыз.

Өзінің қоршаған ортасын қабылдау шкаласы бойынша, барлық курс студенттері үшін орташа мән тән, ол дегеніміз студенттер орта әсерін қабылдауға, жаңа ақпаратты дұрыс негізде игеруге, өзіндік бағыт бағдары мен өмірлік көзқарасы қалыптасқан, жаңа орта талаптарына сай, ашық тұлға ретінде позициясына ие деп көрсетеді.

Жалпы берілген шкалалар бойынша алынған мәліметтерге сәйкес, психологиялық сауаттылық деңгейінің барлық курс студенттері үшін орташа деңгейін бақылаймыз, бұл зерттеу дамыту емес, психологиялық сауаттылық әсерін тексеру үшін арналуы себепті, әлі де дамыту немесе қалыптастыру құрамы ретінде, пән мазмұнына өзгерістер енгізуге алғышарт бола алатынын көре аламыз. Психологиялық сауаттылық деңгейін тұлғалық әсер ету факторы ретінде дамыту, белгілі деңгейде болашақ мамандардың кәсіби бағдары бар тұлға ретінде толыққанды қалыптасуына өзіндік әсердің барын көреміз.

Қорытынды. Зерттеу барысында жасалған теориялық талдау негізінде біз, нақты тұлғаның өзіндік анықтауын үш бағытта қарастырып (тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік), және оның кәсіби деңгейінің ересек тұлға қалыптасуындағы маңызы зор екенін анықтай алдық. Өзге мамандықтармен салыстырғанда, дене мәдениеті және спорт саласын таңдаған болашақ мамандар үшін, кәсіби өзіндік анықтау ерекше екенін көрдік, себебі, бала күнінен өз мүмкіндігіне қарай спортты таңдаған жастар көп жағдайда, сол саланы кәсібіне айналдыратынын, сондай ақ спортта толықтай, яғни кәсіпқой спортсмен болған адамдар, спорттағы мансабын аяқтаған соң, жаңа мамандықты иелену қажеттілігі мен ол кездегі психологиялық негіздегі көмек айқын екенін нақтылай түстік. Негізгі зерттеу бағыты болған дене мәдениеті және спорт мамандығы мысалында психологиялық сауаттылық болашақ мамандардың кәсіби өзіндік анықтауының факторы ретінде теориялық тұжырымдамалық мәліметтерді, әдістемелік тексеру арқылы, қазіргі жастар бойындағы нақты психологиялық сауаттылық шкалалары бойынша сипаттамалық көрсеткіштерді алдық, яғни білім беру үдерісінде психологиялық сауаттылық деңгейін көтеру арқылы, белгілі деңгейдегі болашақ кәсібінің

алғышарттарын анықтап алуға мүмкіндік бар екенін сипаттамалық негізде бере алдық.

Осы орайда, тәжірибелік қолданысқа сай ұсыныс беруге негіз бар:

Кәсіби негізде өзіндік орнын анықтау мен кәсіби бағытта өзіндік даму үдерісі психологиялық сауаттылықпен тікелей байланысты болуы себепті, болашақ дене мәдениеті және спорт мамандығын игеруші білім алушылар

білім беру бағдарламалары психологиялық мазмұнмен толықтырылса, сондай ақ, жалпы болашақ педагог мамандардың өзіндік анықтау бағыттары тұлғалық, кәсіби және әлеуметтік негізде құрылатындықтан, осы бағыттарға сәйкес сапалы маман дайындауға әсер етуші психологиялық жайлы орта құруда әдістемелік құралдардың санын арттыру жолында зерттеулерге көңіл бөлу қажеттілігі бар деп есептейміз.

Әдебиеттер

- 1 Климов Е.А. Психология профессионального самоопределения: учебное пособие для студентов высш.уч.зав. – 4 е издание, стер. – М.: Издательский центр «Академия», 2010. – 304 с.
- 2 Шихвердиев С.Н. Профессиональное самоопределение спортсменов, находящихся на этапе завершения спортивной карьеры // Ученые записки университета им. П. Ф. Лесгафта. – 2010. № 5 (63). – С. 129-133.
- 3 Акрам Хадифи. Профессиональная ориентация юных спортсменов на этапе спортивного совершенствования: дис. ... канд. пед. наук: 13.00.04. – М., 1999. – 116 с.
- 4 Мулендейкина Т.А. Сопровождения профессионального самоопределения студентов-спортсменов высокого класса на этапе завершения спортивной карьеры // Вестник ТГПУ. – 2013. – №6 (134). - С. 18-22.
- 5 Федотовских Д.Я. Психологическое благополучие: проблемы и подходы к исследованию / Д. Я. Федотовских. – Текст: непосредственный // Исследования молодых ученых: материалы XVI Междунар. науч. конф. (г. Казань, январь 2021 г.). – Казань: Молодой ученый, 2021. – С. 64-66. – URL: <https://moluch.ru/conf/stud/archive/386/16305/>.
- 6 Орлова Д.Г. Психологическое и субъективное благополучие: определение, структура, исследования (обзор современных источников) // Вестник ПГПУ, серия №1. – Психологические и педагогические науки. – 2015. – С. 28-36.
- 7 Савенко И.А., Саяпина А.С. Психологическое благополучие и профессиональное развитие // Психологическое благополучие современного человека: матер. междунар. заоч. науч.-практич. конф. / Урал. гос. пед. ун-т; отв. ред. С. А. Водяха. – Екатеринбург, 2019. – С. 87-90. ISBN 978-5-7186-1204-2
- 8 Лепешинский Н.Н. Адаптация опросника «Шкала психологического благополучия» К. Рифф. // Психологический журнал. – 2007. – №3. – С. 24-37.

References

- 1 Klimov E.A. Psihologiya professional'nogo samoopredeleniya: uchebnoe posobie dlya studentov vys.uch.zav. – 4 e izdanie, ster. - M.: Izdatel'skij centr «Akademija», 2010. – 304 s.
- 2 SHihverdiev S.N. Professional'noe samoopredelenie sportsmenov, nahodyashchihsy na etape zaversheniya sportivnoj kar'ery // Uchenye zapiski universiteta im. P. F. Lesgaf. - 2010. № 5 (63). - S. 129-133.
- 3 Akram Hadifi. Professional'naya orientaciya yunyh sportsmenov na etape sportivnogo sovershenstvovaniya: dis. ... kand. ped. nauk: 13.00.04: Moskva, - 1999. - 116 s.
- 4 Mulendeykina T.A. Soprovozhdeniya professional'nogo samoopredeleniya studentov-sportsmenov vysokogo klassa na etape zaversheniya sportivnoj kar'ery // Vestnik TGPU - 2013. - №6 (134), - S. 18-22.
- 5 Fedotovskih D.YA. Psihologicheskoe blagopoluchie: problemy i podhody k issledovaniyu / D. YA. Fedotovskih. — Tekst: neposredstvennyj // Issledovaniya molodyh uchenyh: materialy XVI Mezhdunar. nauch. konf. (g. Kazan', yanvar' 2021 g.). — Kazan': Molodoy uchenyj, 2021. — S. 64-66. — URL: <https://moluch.ru/conf/stud/archive/386/16305/>.
- 6 Orlova D.G. Psihologicheskoe i sub'ektivnoe blagopoluchie: opredelenie, struktura, issledovaniya (obzor sovremennyh istochnikov) // Vestnik PGGPU, seriya №1. - Psihologicheskie i pedagogicheskie nauki, - 2015. - S. 28-36.
- 7 Savenko I.A., Sayapina A.S. Psihologicheskoe blagopoluchie i professional'noe razvitie. - Psihologicheskoe blagopoluchie sovremenogo cheloveka: mater. mezhdunar. zaoch. nauch.-praktich. konf. / Ural. gos. ped. un-t; отв. red. S. A. Vodyaha. – Ekaterinburg, 2019. – S. 87-90. ISBN 978-5-7186-1204-2
- 8 Lepeshinskij N.N. Adaptaciya oprosnika «SHkala psihologicheskogo blagopoluchiya» K. Riff. // Psihologicheskij zhurnal, - 2007., - №3, - S. 24-37.

<p>Хат хабарға арналған автор (бірінші автор) Ермекбаев Мухтар Абеневич, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Университеті, Шымкент қ., Қазақстан, e-mail: ukhtar.yermekbayev@mail.ru</p>	<p>Автор для корреспонденции (первый автор) Ермекбаев Мухтар Абеневич – кандидат педагогических наук, доцент, Южно-Казахстанский Университет им. М. Ауэзова, г. Шымкент, Казахстан, e-mail: ukhtar.yermekbayev@mail.ru</p>	<p>The Author for Correspondence (The First Author) Mukhtar Yermekbaev, candidate of Pedagogical Sciences Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, e-mail: mukhtar.yermekbayev@mail.ru</p>
--	--	--